

Ленин

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТ АТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№170 (8630)

Сәрсенбі 29 август 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

ССРО мен Польша үкметтері арасында Совет--Польша мемлекеттік шекарасы туралы шартқа және Германияның шапқыншылығынан көрген зиянды өтеу туралы келісімге қол қойылуы

Соңғы күндерде, Польша республикасының өлкелік халық кеңесінің президенті Б. Берут мырза, Польшаның бас министрі Э. Осубка-Моравский мырза және Польшаның ұлт бірлігі Уақытша үкметінің басқа мүшелері Москвада болған кезде, совет-польша мемлекеттік шекарасы туралы шарт, сол сияқты Германияның шапқыншылығынан көрген зиянды өтеу туралы келісім жасау жөнінде Совет үкметі мен Польша үкметі арасында келіс сөздері жүргізілді.

Достықпен өзара ұғынысушылық және шын ниеттілік жағдайында өткен бұл келіс

ліс сөздерінің нәтижесінде 10 августа совет-польша мемлекеттік шекарасы туралы шартқа және Германияның басқыншылығынан көрген зиянды өтеу туралы келісімге қол қойылды.

Шарт пен келісімге Кремльде ССРО Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары және Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов, Польшаның ұлт бірлігі Уақытша үкметінің бас министрі Э. Осубка-Моравский мырза қол қойды.

Шарт пен келісімге қол қойғанда ССРО Халық Комиссарлары Советінің Предсе

дәлі Советтер Одағының Генералиссимусы И. В. Сталин және Польша Республикасының өлкелік халық кеңесінің президенті Б. Берут мырза болды.

Олардан басқа Советтер Одағынан: ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссарының орынбасары А. Я. Вышинский, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының алқа мүшесі Голунский, Советтер Одағының Польшадағы төтенше және полномочия елшісі В. З. Лебедев, Н. Г. Пальгунов, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының 4-Европалық бөлімінің

менгерушісі А. Н. Абрамов және басқалары болды.

Шарт пен келісімге қол қойғанда Польша Республикасы жағынан: бас министрінің орынбасары С. Миколайчик мырза, өнеркәсіп министрі Г. Минц мырза, сыртқы істер министрінің орынбасары З. Модзелевский мырза, өнеркәсіп министрінің орынбасары Г. Ружанский мырза және Раабе, В. Чайка, В. Матвин мырзалар болды.

Төменде шарттың келісім сөздері келтіріледі.

Совет-Польша мемлекеттік шекарасы туралы Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Польша Республикасы арасындағы шарт

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі Президиумы мен Польша Республикасының Өлкелік халық кеңесінің президенті ССР Одағы мен Польша арасындағы мемлекеттік шекара мәселесін достық және ынтымақ рухында шешуді көздеп, бұл мақсатпен осы шартты жасауға ұйғарды және бұл шарттың өкілдерін тағайындады.

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің президиумы ССРО Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары және Сыртқы Істер Халық Комиссары Вячеслав Михайлович Молотовты тағайындады.

Польша Республикасының өлкелік халық кеңесінің президенті Польша Республикасының министрлер кеңесінің председатели Эдуард Осубка-Моравский

1. СТАТЬЯ

Крым Конференциясының қарарына сәйкес ССР Одағы мен Польша Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара, осы шартқа тіркелген 1:500000 масштабта карта бойынша, кейбір аудандарда бес километрден 8 километрге дейін Польша пайдасына қалдыра отырып, «Керзон межесі» бойымен белгіленіп, Польшаға қосымша мынадай жерлер қалдырылсын:

а) «Керзон межесінен» шығысқа қарай Батыс Буг өзені мен Солокия өзеніне дейінгі, Крылов қаласынан оңтүстікке қарай Польша пайдасына ең әрісі 30 километрге дейінгі жерлер;

в) Боловез орманының Немиров-Яловка участкесіндегі, «Керзон межесінен» шығыс жағындағы бір бөлегі. Немиров-Яловка, Боловез және Яловка

дағы мемлекеттік шекара мынадай межемен өтеді:

Сан өзенінің басының оңтүстік-батыс жағында 0,6 километрдей жердегі қыстақтан солтүстік-шығысқа, Сан-өзенінің бас жағына қарай тартады, онан әрі Сан өзенінің орта шенімен төмен қарай түсіп, Солина қыстағының оңтүстік жағындағы орынға жетеді,

онан әрі Перемышльдің шығыс жағынан, Рава Руссаканың батыс жағынан басталып, Солокия өзеніне жетеді, бұл жерден Солокия және батыс Буг өзенін бойлап, Немиров-Яловкаға барады, 1-статьяда көрсетілген Беловез орманының бір бөлек жері Польша жағында қалады, онан Литва ССР, Польша Республикасы және Шығыс Пруссия шекараларының

ноталары тапсырылғаннан кейін 15 күннен қалмай кіріседі.

3-СТАТЬЯ

Жер мәселелері бітім сөздерінде бір жолата шешілгенге дейін совет-польша шекарасының Балтық теңізіне іргелес жағы Берлин Конференциясының қарарына сәйкес, Дантиг қолтығының шығыс жағындағы, осы шартқа тіркелген картада белгіленген жерден бастап, Браунсберг-Гольдантиг солтүстік жағы мен шығысқа қарай, бұл меже осы шарттың екінші статьясында көрсетілген межемен ұштасқан жерге дейін барады.

4-СТАТЬЯ

Бұл шарт мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде бекітілуге тиіс. Шарт Варшавада

Колхозшылар және МТСтар мен сов. жұмысшылары, тракторшылар мен комбайшылар! Қазақ ССР-ның 25 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарысты кеңінен өртете отырып, барлық күш-жігерлерінді ежыйнауды ойдағыдай аяқтау және мемлекке астық тапсыру жоспарын толық орындісіне жұмылдырындар.

ҚАЗАҚ ССР-ның 25 ЖЫЛДЫҒЫ АТЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС

Егін жыйнау және астық тапсыру жарысы туын жоғары ұстайық!

Облысымызда ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы

ЕГІН ЖЫЙНАУ. Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 27 дейін колхоздарда 120010 гектар егін орылып, жоспар 31,7 процент оры. Соңғы бір күнде колхоздарда 7618 гектар егін орылды. Бұл күні Полуденанының колхоздары бірде-бір гектар егін ормады.

Барлық орылған егіннің 42999 гектары комбайнмен жыйналып, гектары майланды. Орылған егінді майлауда әсіресе Октябрь, Полуденанының колхоздарының колхоздары артта қалып отыр. Сол сияқты бұл дарда астық бастыру жұмысының барысы да ойдағыдай емес. Осының снан облысымызда небары 54484 гектар ғана егін бастырылды.

Егін ору жоспарын Петропавл ауданының колхоздары 37,2, Октябрьның колхоздары 33,1, Мамлют ауданының колхоздары 32,5 және Полуденанының колхоздары 32,4 процент орындады. Бұл жұмыста әсіресе Советшім, Конохов және Булаев аудандарының колхоздары кешіргісіз артта қойды. Бұл аудандарда жоспардың орындалуы 27-30 проценттен аздап ғана қойды.

КУЗГІ ЕГІС СЕБУ. Колхоздарда 27749 гектар күзгі егіс егіліп, жоспар 100 процент орындалды. Егіс жөніндегі бір күнді өсім 2315 гектар болды. Б. Преснов ауданының колхоздарында бірде-бір гектар егіс егілмеді.

Күзгі егіс жоспары Конохов ауданының колхоздарында 26,4, Петропавл ауданының колхоздарында 24,4, Октябрь ауданының колхоздарында 23,8 және Мамлют ауданының колхоздарында 23,6 процент орындалды. Бұл жұмыста Ленин, Совет, Соколов және Приешім аудандары артта қалып қойды. Жоспардың орындалуы 14—19 проценттен аздап ғана асты.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Колхоздарда 15216 гектар зябь жыртылып, жоспар 8 цент орындалды. Соңғы бір күнде облыс бойынша 683 гектар зябь жыртылды. Бұл күні Полуден ауданының колхоздарында бірде-бір гектар зябь жыртылды. Конохов ауданының колхоздарында небәрі 2 гектар ғана зябь жыртылды.

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ. Облыс колхоздарында 272212 гектар жер шені шабылып, жоспар 73,8 процент орындалды. Соңғы бір күнде облысша 2524 гектар жердің пішені шабылды. Бұл күні Конохов, Ленин және Полуден аудандарының колхоздарында бірде-бір гектар жердің пішені шабылды. Барлық шабылған пішеннің 221868 гектарынан 203671 тоннасы маяға са

Германияның шапқыншылығынан көрген зиянды өтеу туралы Советтік Социалистік Республикалар Одағының үкметі мен Польша Республикасының ұлт бірлігі Уақытша үкметі арасындағы келісім

Советтік Социалистік Республикалар Одағының үкметі мен Польшаның ұлт бірлігі Уақытша үкметі.

Германия әскерлерінің Советтер Одағы мен Польша жеріне басып кіруі, герман әскерлерінің Польшаны және Советтер Одағы жерінің едәуір бөлегін уақытша басып алуы себепті орасан көп зиян келтірілгенін, көп қалалар өнеркәсіп орындары темір жолдар және халық шаруашылығының тұтас салалары қыйратылғанын, мұның зардабын жою үшін совет және поляк халықтарына ұзақ уақыт көп күш жұмсауға тура келетінін ескеріп,

Германия шапқыншылығының жоғарыда көрсетілген ауыр зардабын жоюға байланысты міндеттерді орындау жөнінде

Советтік Социалистік Республикалар Одағы үкметінің тапсыруы бойынша

В. МОЛОТОВ.

бір біріне барынша көмектесуге ұмтылып,

мынадай келісімге келді:

1-СТАТЬЯ

Өзінің Берлин Конференциясындағы мәлімдемесіне сәйкес совет үкметі Германияның бүкіл Польша жеріндегі, оның ішінде Германияның Польшаға берілетін жеріндегі мүлкін және басқа заттарын, сол сияқты Германияның өнеркәсіп және транспорт орындарының акцияларын талап етпей, Польша пайдасына қалдырады.

2-СТАТЬЯ

Польшаның соғыс шығыны жөніндегі тапандарын орындау тәртібі туралы Берлин Конференциясының қарарына байланысты, совет үкметі Советтер Одағына бе-

рілуге тиіс соғыс шығынының үлесінен Польшаға мынадай сыбаға беруге ризалық білдіреді:

а) Берлин конференциясынан кейінгі дәуірде Германияның совет әскері тұратын аймағынан соғыс шығынының төлеуіне алынатын барлық заттардың 15 проценті;

б) Берлин конференциясының белгілеуі бойынша Германияның батыстағы аймақтарынан Советтер Одағына берілетін өнеркәсіп және комплектілі өнеркәсіп жабдықтарының 15 проценті, бұл Польшаның басқа өз товарларына айырбасталып беріледі;

с) Батыс аймақтардан Советтер Одағына тегін немесе қандай жолмен болса да ақы есебіне берілетін комплектілі және

пайдалануға жарайтын күрделі өнеркәсіп жабдығының 15 проценті.

Өз тарапынан Польша үкметі 1946 жылдан бастап Советтер Одағына жыл сайын, Германияда әскер тұратын уақыт аяқталғанға дейін, шартты баға бойынша көмір беріп тұруға міндетті болады;

Алғашқы жылы 8 миллион тонна, келесі 4 жылдың ішінде 13 миллион тоннадан, Германияда әскер тұратын уақыттың одан кейінгі жылдарында 12 миллион тоннадан көмір береді.

3-СТАТЬЯ

Бұл келісім қол қойылғаннан кейін дереу күшіне кіреді.

Бұл келісім 1945 жылғы 16 августа Москвада орыс және поляк тілдерінде 2 дана болып жасалды, екі тілдегі текстің күші бірдей.

Польшаның Ұлт Бірлігі Уақытша үкметінің тапсыруы бойынша

З. ОСУБКА-МОРАВСКИЙ.

Германияның шапқыншылығынан көрген зиянды өтеу туралы Советтік Социалистік Республикалар Одағының үкметі мен Польшаның Ұлт бірлігінің Уақытша үкметі арасындағы келісімге қосымша протокол

Германияның шапқыншылығынан көрген зиянды өтеу туралы ССРО үкметі мен Польшаның Ұлт бірлігінің Уақытша үкметі арасындағы келісімге қол қойылғанда, оған қол қоюшылар мынадай келісімге келді:

Советтік Социалистік Республикалар Одағы үкметінің тапсыруы бойынша

В. МОЛОТОВ.

Жоғарыда көрсетілген келісімнің 2-статьясының «а», «в» және «с» буындары бойынша Польшаға соғыс шығынын өтеу ретінде берілетін заттардың түрін, тапсыру мерзімдері мен жолдарын дөме-

дәл белгілеу үшін, алты мүшеден (екі жақтың әрқайсысынан үш мүшеден) совет-польша аралас комиссиясы құрылады.

Комиссияға, өзара келісуі бойынша, екі жақтың өкілдері кезектесіп председа-

тельдік етеді.

Протокол 1945 жылғы 6 августа Москвада, орыс және поляк тілдерінде екі дана болып жасалды, екі тілдегі нұсқаларының күші бірдей.

Польшаның Ұлт бірлігі Уақытша үкметінің тапсыруы бойынша

З. ОСУБКА-МОРАВСКИЙ.

Совет Хабаршы бюросынан

27 АВГУСТАҒЫ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

27 августа Қызыр Шығыста айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. 26 августа жапондардың 30 мыңнан аса солдатты мен офицері әскерлерімізге қолға берілді.

Жапондардың тізе бүккен бөлімдері мен құрамалары қабылданылып жатыр.

СОВЕТ ХАБАРШЫ БЮРОСЫ.

И. В. Сталин Гарриман мырзаны қабылдады

27 августа ССРО Халық Комиссарлары Советінің Председатели Генералиссимус И. В. Сталин Америка Құрама Штаттарының Елшісі В. А. Гарриман мырзаны қабылдады.

Қабылдауда ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов болды.

Көркем сурет академиясы музейін қалпына келтіру

Ленинградтағы Бүкілресейлік көркем сурет академиясы қалпына келтірілді. Жақында арғы заман бөлімі ашылмақ. Онда, арғы замандағы көркем сурет шығармалары мен скульпторлық заттардың Советтер Одағындағы ең бай қазыналары бар.

Бұлардың көпшілігі XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басындағы суреттердің ең алғашқы жасалған түрінен алынп жасалған. Мұнда Египтің әйгілі Фонтандары, перғамо фризалары, парфеннің мрамордан жасалған скульпторлары тағы басқалары бар.

Скульптура музейінде орыс скульпторларына ерекше орын берілген. Академия оқушыларының таңдаулы еңбектері қойылған. Ол XIX ғасырдың бірінші жар-

тысынан бастап, И. В. Репин атындағы архитектура, скульптура және көркем сурет институтының студенттерінің еңбектеріне дейін қойылған. Музейде архитектура бөлімі бар. XVIII—XIX ғасырлардағы орыс архитектурасы бөлімінде ұлы архитекторлар Ставровтың, Казаковтың, Евзренгидің, Камеронның, Воронихиннің, Захаровтың, Россидің және басқаларының өз қолдарымен жасалған проектылары бар.

Музейде Академия құрылғаннан бергі архитектуралық проектылар—академиктік атақ алу конкурсына арналып жасалған проектылар сақталған. Қазіргі кездің архитектураларынан да көптеген материалдар бар.

(ТАСС).

социалистік жарысының кейбір қорытындыларын шығарды. Бұл қорытындыда көптеген комбайншылар мен тракторшылардың және колхозшылардың жеңіс жылының бітік егінін дер кезінде ысырапсыз жыйнап алуға барлық күш мүмкіншілісті жаншай жұмылдырып, егін даласын да стахановша жұмыс істеп жүргендігі көрінді.

Мұнда таңдаулылардың қатарында Сталин атындағы колхоздың комбайншылары Леонова және Кученко жолдастар бар. Леонова жолдас «Сталинец» комбайны мен 9 жұмыс күні ішінде 150 гектар, ал Кученко жолдас осы маркалы комбайн мен 7 күнде 120 гектар егін жыйнады.

Осы сияқты, «Жарғайын» колхозының комбайншысы Кукуроза жолдас алты күнде 131 гектар, ал Воробский атындағы колхоздың комбайншысы Клен жолдас 8 күнде 130 гектар егін жыйнады. Клен жолдас комбайнды өнімді пайдаланып, өндірістік көрсеткішті үнемі арттырумен бірге, 73 килограмм жанармай үнемдеді. Комбайншылар Когарев, Ақметов және Земкина жолдастар да комбайншылардың егін жыйнау кезіндегі Бүкілодақтық со-

үнемдеді. Социалистік жарыстың қорытындысына қарағанда Куйбышев атындағы трактор станциясының кейбір бригадаларының көрсеткі табысы болып отырғандығы көрінді. Максим Юшко жолдас басқарған бригадасында 15 аттық күші бар трактормен қазірдің өзінде 165 жер жұмысталып, бригада бойы килограмм жанармай үнемдеді. Сондай-ақ Савлущенко жолдас трактор бригадасында тракторлар талетін жұмыстардың маусымдыры 103 процент орындалып отыр. Егін жыйнау кезіндегі Бүкілодақтық жарыста ауданның лобогрейкашылары үздік келеді. Кашылардың облыстық социалистік жарыс болған «Еңбек» колхозында лобогрейкашысы Окан жолдас бүгінгі күнге дейін бір камен 158 гектар егін орды. Аудандық партия комитеті мен аудандық совет атқомі егін жыйнау таңдаулыларына бағалы сыйлықтарды, Ф. ПОТУДАН

Алдыңғы қатарлы колхоздарда

Соколов ауданындағы «8 съезд советов» ауыл шаруашылық артелиінде егін жыйнау және ауыл шаруашылығының өнімдерін дайындау жұмыстары кеңінен өріс алууда. Бұл колхоздың егін даласында Налобин МТСның комбайншысы Орлов жолдас жұмыс істеп жүр. Ол «Сталинец» комбайнымен күн сайын 20—25 гектар егін жыйнайды, жақында Орлов жолдас бір күнде 32 гектар егін жыйнады. Сөйтіп, аз ғана күндер ішінде Орлов жолдас 170 гектар егін жыйнап, комбайншылардың егін жыйнау кезіндегі республикалық социалистік жарысында таңдаулылар қатарына қосылды.

Егін орында жас колхозшы лобогрейкашы Николай Ченурнов жолдас бір күнде 170 гектар егін жыйнап, комбайншылардың егін жыйнау кезіндегі республикалық социалистік жарысында таңдаулылар қатарына қосылды.

Егін орында жас колхозшы лобогрейкашы Николай Ченурнов жолдас бір күнде 170 гектар егін жыйнап, комбайншылардың егін жыйнау кезіндегі республикалық социалистік жарысында таңдаулылар қатарына қосылды.

мен жұмыс істеп жүр. Ол күнде сырманы әр дайым екі есе орындайды.

Егін жыйнау және мемлекетке тапсыру жұмыстарын ойдағыдай келе жатқандардың бірі— «Кратиза» колхозы. Мұнда август айында мемлекетке 190 центнер орнцентнер астық тапсырылды. Колхоз астық тапсыруда аудандық орынға ие болды.

Мемлекетке астық өткізудің айындағы тапсырмасын орындау Ильяича» колхозы да көрсеткіштің болды. Бұл колхоз 25 августта айлық тапсырманы 81 процент орындады. Н. ХАМИД

Жас коммунистердің іс үлгісі

Преснен ауданындағы «Тау ағаш» колхозының бастауын партия ұйымы (секретарі Қазиев жолдас) партия қатарын колхоздың алдыңғы қатарлы адамдары есебінен ойдағыдай толықтыруда. Партия ұйымының жақын арада болып өткен жылының РК(б)П мүшелігіне 2 адам, партия мүшелігіне кандидаттыққа 3 адам қабылданды. Олардың ішінде халық ақыны Темірғали Касенов, стахановшы колхозшылар Белгібаева және Наурызбаев жолдастар бар.

Партия қатарына жаңа ғана қабылданған жас коммунистер бітік шыққан мол егінді әрі ысырапсыз, әрі тез жый

нап алу ісіне жаншай жұмыс істеп, лобогрейкашы Наурызбаев партия қатарына қабылданған күніне 4 гектар егін оратып, әзір ол күн сайын 6-7 гектар егін жүр.

Осы сияқты Белгібаева жолдас ған мол өнімшілер звеносының өздеріне тағайындалған егін а. әр гектарынан 10-12 центне алуға міндеттенген еді. Звено бұл міндеттемелерін мінсіз орынтп, қазір бұл егіннің әрбір гект 11 центнер өнім алуда.

Б. ЕЛЕ

ЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА

ІК ЖОСПАРДЫ МЕРЗІМІНЕН
БҰРЫН ОРЫНДАДЫ

заводының жұмысшылары мен ин-техник қызметкерлері республика-
ң 25 жылдық мерекесін өндірістік
табыстармен қарсы алу үшін зор
жұмысқа. Соның нәтижесінде завод
өнеркәсіп орындарының ішінде
і болып, август айының өндірістік
ың мерзімінен 9 күн бұрын орын
Сөйтіп жоспардан тыс көптеген өнім
ды.

жүк жолдас бастық болып істейтін
жұмысшылары өзара социалистік
та алған міндеттемелерін іс жүзін
оймен орындау үшін қажырлы ең-
геп, күнделік жұмыс тапсырмасын
150-200 процентке дейін орындау-
меті. Ал комсомол мүшелері Бура-
және Лаптева жолдастар күнделік
тапсырмаларын үнемі екі-үш есе
орындап жүр.

д коллективі даңқты мерекені зор
армен қарсы алу үшін қажырлы
жұмыс, барған сайын өндірістік зор
арға жете бермек.

Е. ИМАНБАЕВ.

ЭНЕРШІЛЕРДІҢ ТАБЫСЫ

еуападағы «Екінді» колерші
ртелінің коллективі республикамыз
5 жылдығы атындағы социалистік
ты парменінше өрістегу нәтижесін
густ айының 20 күндік өндіріс
рын өдәуір артығымен орындады.
да жүзден аса жұмысшылар мен
шілер, оның ішінде 32 стаханов
я екінді бар. Бұлардың басым
ігі шын мәнінде қажырлы еңбек
ң нелер үлгісін көрсетіп жүргендер.
і Хамидуллина жолдас өндіріс жос-
үнемі 150-200 процентке дейін
ып, іс үлгісін көрсетуде. Етікші
в жолдас күнделік жұмыс мөлшерін
170 процент орындап келеді.

ыңғы қатарлы жұмысшылардың
комсомол мүшесі Қайырова жолдас
иалистік жарыс озаттарының қата
қосылды.

Ө. ОМАРОВ.

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТІҢ
НӘТИЖЕСІ

ақ ССРның 25 жылдығы атындағы
халықтық-социалистік жарысты
д өрістеге отырып, облысымыздың
ғы қатарлы кәсіп орындарының
тивтері өндірісте стахановша жү-
ртеудің тамаша үлгілерін көрсетуде.
ың көпшілігі бұйым шығарудың
аймағы жоспарлы мерзімінен

Абай еңбектерінің биік нысанасы

М. ӨУЕЗОВ



Жүрегінің түбіне терең бойла.

Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім.

Мыңмен жағыз алыстым кінә қойма!

Өсер ұрпақ, келер дәурен, туар мұнды.

қауымына ақып арнап кеткен мұнды.
сырлы бір сәлем, наз сәлем осы еді. Шөл
ғасырлардың қу медиен, құла түзінен:
болар заманға, жарқын заманға қарай
жалғыз аяқ жол тартқан ақын болатын.
Сахараны басқан кара тұн-түнекті қақ
жарып, жалғыз қолға жалынды жалғыз
шырақ ұстап қалқына бет нұсқап, «Та-
дың сонау белден атады, күнің сонау
жақтан шығады» деп кеткен ақын еді.

Рас, қытымыр заманы мен надал қа-
уымға ол ақын жұмбақ болды. Жұмбақ
па біз үшін сол ардақты ақын бұл күн-
де? Жоқ, жұмбақ емес. Ол уақытта заман
бұлаты бетін бүркеп тұрғанмен, айдң
аты ай еді. Біз қазақ әдебиетінің жұм-
баты емес, айқын жүзді айда ігі бір
нұры дейміз Абайды. Сондықтан сөк-
лақсыз дүлей мының қарсылығына
жалғыз алысқан Абай жалғыз да емес
бүгінгі күн.

Моласындай бақсының

Жалғыз қалдым тап шыным

деп күніреніп өтсе, бүгін халқы алып
отан тапқанда, ақын асыл халқын тап-
ты. Бір қазақ халқы емес: тілегіне тіле-
гін, табысына табысын қосқан, жорығы
на жорығын қосқан, жеңісіне жеңісін
қосқан хасиетті социалистік отанның
ұшан теңіз халқын тапты. Абай бір қа-
зақтың Абайы емес, Ленин—Сталин туы-
астында жасаған Советтік Социалистік
ұлы Одақтың бәрі қадірлейтін Абай бол-
ды.

«Мыңмен жалғыз алыстым кінә қой-
ма!». Кінә емес, қадір тұтады біздің дәу-
рен, біздің ұрпақ. Мыңдар, миллиондар
жүрегі қадір тұтады. Айғағы оның дәл
осы күндер. Қазақ әдебиетінің ұлы бір
мереке, мейрамы болып отырған осы күн.

Алпысқа шығар жасында ұлы ақын
қайтыс болды. Өткеніне қырық жыл то-
ды. Бірақ, біз үшін Абай өткен жан ба?
Өлді деуге сия ма ойлаңдаршы.

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған
дөмен пе еді? Өткен жас емес. Ақын
жолы халық жолымен, тарих жолымен
қабыса табысқан шақта оның өзіне өлім
жоқ, сөзіне заман-дәурен шегі жоқ. Біз
дің дәуірімізге әрі бұрынғы, әрі бүгінгі
Абай болып, келешек заман үшін де та-
рих аспанындағы бір тұрақты нұры бо-
лып шырау бармақ. Ол болашақ күн-
терде де Абай әрі бұрынғы, әр ар жа-
ңырағы келешектің емес, әлпес тұрғы-

ты. Абайды танудың, толықтырудың ай-
нымас айқын жолы осы еді.

Үшінші ерекшелігі: қос қапаттап биік-
ті меңзеген ақындығын, бұрынғы қазақ
ақындарының еш қайсысы шығармаған
әлеуметтік ұлы тартыс, тарихтың тартыс
құралына айналдырды.

Төртінші ерекшелігі: өзі үшін, елі
үшін ізденді, ізденді де тапты және бар
тапқаны мен тудырғанын ұстаздыққа
салды. Ақын болып өсер ақынды тәрбие
леді. Қазақтың жаңа әдебиетінің, классик
әдебиетінің іргесін өзі қалап туғызды,
сол әдебиетке басшы, халыққа қамқор,
қайраткер болды.

Санай берсек, Абай басынан, өмір,
еңбек соқпағынан тағы талай ерекше-
ліктер аталар еді. Бірақ, өмір баянын
тұрғы-тұрғы биігінен қарақ, жыйнай
түйемін дегенде дәл осы аталған төрт
күнгей анық Абайлықтың төрт тірек дін-
гегі сыяқты.

Өмірінің, еңбегінің дәл ізімен болжа-
сақ осы ерекшеліктері айқын-айқын та-
нылады. Құнанбайдың еркінен шығып,
өз өмірін өз ақылы бойынша билегенде
Абай ең алдымен орыс тілі, орыс мәде-
ниетіне ұмтылды. Абай Ресейден айда-
лып келген орыс революционерлеріне көз
деседі. Олар орыс халқының революция-
шыл интеллигенциясының ішінен шыққан
анық қадірлі, асыл жандар еді. Абайдың
айдалып келген революцияшыл достары ай-
дау жылдарының өзін үлкен үгітшілік,
ағартушылық жолына арнады.

Осы арнада Абайға қатты көмектесіп
жүріп, Абайдай шығыс тарихына, халық
қалжыңына, жол-жорасына, өсет-салт,
кәсібіне қанықты, білгір адамнан өздері
де көп білім, дерек, нәр алды.

Абай болса осы кезеңнен соң ақын-
дықтың кең өрісіне шыққан кезінде.

Ескі бише отырман бос мақалдан,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,
Сөз түзелді тыңдаушы сен де түзел
Келесің сендерге енді аяндап

деп, тың жол бастады. Ескіге оны надан
дық, түнегіне үкім айтам деді. Орыс
халқының ұлы шыншыл даналары Пуш-
киндер, «Салтыков-Щедриндер қалай айт-
са, соларша қамыңды жеп, алдыңды мен
зеп айтамын деді.

Сонда дана ақынның өз халқынан жа-
не жалпы адам баласының өнер-ой бай-
лығынан алған үш үлкен салалы түп-
төркіні барын байқаймыз.

Мұны біліншісі—қазақ халқының.

Абай, иран мәдениетінің тарихы те-
реңдеп зерттеген. Абай—Рашид Идди,
Мұхаммедхайдар, Бабур, Абұлғазы Баһа-
дүр хан сыяқты арғы-бергі тарихшылар
дың еңбегін де жақсы білген. Манық
(логика), жалпы философия, ахлақ (мо-
раль) философиясын да білген. Ертелең-
бергі шығыс гұламаларының көп еңбек-
терін бергі уақыттарда да үнемі зерттеп
отырған. Тек ескі шығыс мәдениеті ғана
емес, өз тұсындағы жақын шығыс мәде-
ниетінің халқынан да ұдайы хабарлар
болған. Татардан шыққан алғашқы ағар-
тушы, жаңашыл ғалым Шихабиддин Мар-
жанидің еңбектерінен бастап берірек
те шыққан жалған жаңалық, діншіл сая-
сат ғылымы—исламшылық, түрікшілік
(панисламизм, пантуркизм) үгіттерін де
білген.

Мысырда Мұхаммет Ғабдуһу бастап,
Желалиддин Ауғани қостаған исламшыл-
дық үгіті кейінгі кезде Ресей мұсылман-
дарына да тарап еді. Ол сыяқты батыс
мәдениетінен бас тартқызып, жұртшылық
тарихының ілгері басар қадамын кейін
шегеретін кертартпа өсиетке деп қойған
қыр феодалы—қажы-молда, пір-шан қа-
зақ даласында да мол еді. Ол ағымның
өзіне тиісті газеттері, журналдары да
болған. Мысалы «Тәржұмән» газеті Абай
кезінде қазақ сахарасында көп тарау-
шы еді.

Бірақ, өз халқының келешек табысын,
болар тағдырын ұлы орыс халқының
мәдениетімен жалғастырып өсіруді өмір-
лік еңбегінің биік нысанасы еткен Абай,
жаңағы жалған жаңалыққа ермейді, елік-
пейді. Оны бүкіл шығыстың сол заманға
шейін кенже қалуына себеп болған кәсел-
кедергінің бірі деп танып, онымен бірде-
бір адым бірге баспайды. Аулақ серпеді.
Қауым халқына қызмет етудің жолы
жалпы адам баласына тән кең еркін ой-
дың бетінде. Орыс классиктарының өз
қоғамына, бүкіл адам баласына нұсқаған
кең іргелі адамгершілік, азаттық үгіт
өсиетінде деп біледі.

Абайдың сол діншілдікті, түрікшілдікті
өз уақытында мәсүк етуінің дұрыс екен-
дігін Ұлы Октябрь Социалистік Револю-
ция анықтап ашты. Байшыл реакцияшыл
ұлтшылдықты өзіне тірек өткен бұл
кертартпа ағымның залалды сырын Ле-
нин—Сталин бастаған ұлттар азаттығы-
ның революцияшыл күресі, жеңісі әшкө-
реледі.

Абай шығыстың қорынан өзіне үлгі

ғыстан батысты артық көріп, тандап
алумен қатар, ақын өз бетімен оқып,
ізденіп тереңдей отырып, орыс пен батыс
әдебиетіне ұзақ жылдар бойына көп үні-
леді. Пушкиннен бастап алпыс жылғы жыл-
дар, сексенінші жылдардың әдебиет жаңа-
лығына да әбден қанады. Тек ұлы ақын
дар емес Лев Толстой, Салтыков-Щедрин
дер тәрізді көркем кара сөз аталарын да
жақсы біледі. Орысша аудармалар арқы-
лы Байрон, Гетегі де таныды. Ескі ас-
тик әдебиетімен де мол танысады. Айда-
лып келген достарының куәлігіне қара-
ғанда Абай батыс философиясымен Спен-
сер, Спиноза мен Дарвин еңбектерін де
үнемі оқып, көз шұғылданған дейді.

Орыс классиктарының мұраларына
Абайдың баруы әр сатыда—әр алуан
дас. Мысалы Крыловты Абай ақын ашық
түрде таза аударушы болып ұғынады да,
тек әрбір мысалдардың ақырындағы үгі-
ті өзінше, қазақ ұғымына, ойына жа-
настыра түйіп беріп отырады.

Лермонтовты Абай ерекше бір қызу
жалынмен, өзі қоса қозып, үнемі қызы-
ғыш сүйіп, сүйсініп отырып аударды.
Ал, Пушкинге келсек Абайдың бұған бет
теген ақындық қарым-қатынасы мүлде
басқа «Евгений Онегиннен» Абай шығар-
ған үзінді аудармалар анығында аударма
ғана емес. Ол Пушкиннің әсем романын
шабытты ақын жырымен қайталап, жа-
рыса әңгіме етіп беру болып шығады.

...Орыс мәдениетіне сол сандаусыз қа-
зақ сахарасынан шығып жалғыз өзі жол
тартып барып табысқан Абайдың қадыр-
хасиеті бұрынғыдан да артып, биіктей
түседі.

Абайдан қалған асыл мұраның идея-
лық, көркемдік санасын шолып өткен
қысқа сөз, жалпы тексеруде біз көбінесе
ақындығын—поэзиясын айтамыз. Бірақ,
Абай мұрасы жалғыз ақындықта, емес
көркем кара сөзде де, әп-күй өнерінде де
бар.

Абайдың «Ғақылия» атанған кара сөзі
барлық құрылыс қалпымен, шебер-шөпен
тілімен және өлеңдеріндегі ой толғауы
ның көпшілігін тереңдеп, еселеп, өсіріп
жеткізумен біздің әдебиеттегі тағы бір со-
ны, қызықты жаңалықтың бірі болған.
Мұнда да сыншы, ойшыл Абай көрінеді.
Орыс әдебиетіндегі Лев Толстойдың кей-
бір толғау үлгілеріндей, бірақ қазақ хал-
қының өз тірлігіндегі күнделік болмасын-
пан туған аса бір ағыр жұдыр кейде
шешен орамы мол бір тың әсер көрініп
отырады.

Баянша тұтас ой ықпалымен ілгері

Жапонияның тізе бүгуі туралы
актіге қол қою алдында

ЛОНДОН, 27 август. (ТАСС). Лондон
радиосының бүгін таңертең берген хабары
бойынша, американың адмирал Хейсидың
басқаруындағы 3-флоты Сагами қолтығында
тұр және ол кез келген уақытта Токио қолтығына
баруға дайын отыр. Жақында 12 сағаттың ішінде
одақ тастар кемелері Токио қолтығына қарай
шығуға тиісті.

Бүгін таңертең жапон өкілдері амери-
каның «Миссури» линкорына келді. Олар
американың «Николас» линкорына дейін
жапон миноносцеімен келді, сөйтіп
«Николас» «Миссуриге» дейін америка
кемесімен әкелінді. Жапон өкілдеріне тін-
ту жүргізілді, сөйтіп олардың сұмырай-
лық сөмсерлері алынды. Келіссөздерден
кейін олар өз миноносцеітеріне қайта бар-
ды. Оларды одақтастар офицерлері шыға-
рып салды.

Жапон аралдарының жағалаулары ма-
ңында тұрған одақтастар кемелерінің ко-
лоннасы бірнеше мылға қозылды. Токио
қолтығына барып кіретін кемелер толық-
дайындықта тұр. Американың «Миссури»
линкорымен қатар «Георг VII», «Герцог
Йоркский», «Айова» соғыс кемелері және
басқа кемелер тұр. Одақтастардың басқа
кемелері адмирал Хейсидың алдыңғы жеке-
лердің ізінше Токио қолтығына қарай
жүру жөнінде бұйрық беруін күтіп, Са-
гами қолтығында тұр. Жапонияға әскер
түсіруді ертеңгі күннен бұрын бастау
туралы осы уақытқа дейін мағлұмат
алынған жоқ.

Совет жауынгерлерін
Чехословакия ордендерімен
наградтау

ПРАГА, 27 август. ТАСС) Чехосло-
вакия бас штабының бастығы дивизия
генералы Бочек Шығыста чехословак әс-
керлерін құру кезінде ерекше еңбек сіңір-
гені, неміс басқыншыларға қарсы бірлес-
кен ұрыстарда чехословак әскерлеріне
көмектескені және бұл ұрыстарда ерлік
көрсеткені үшін Қызыл Армияның көп
жауынгерлері мен офицерлерін ұлт қор-
ғау Министрі атынан Чехословакияның
соғыс крестімен және чехословак медаль-
дарымен наградтады.

Совет-Қытай Шарты туралы
америка радио шолушысы-
ның пікірі

САП-ФРАНСИСКО, 27 август. (ТАСС).

да жоспарды орындау ісінде елеуір старға ие болды. **М. ЕРҒАЛИЕВ.**

Артель мүшелерінің серті

тропавлдағы «Дервообделочник» қол шілер артелінің жұмысшылары мен әйелдері Қазақ ССР-нің 25 қызына лайықты тартулар әзірлеу социалистік жарысты барған сайын өте түсуде. Қазір артель коллективі аялестік жарыста алған міндеттемелерінің мұқият орындалуына баса көңіл рын отыр.

Артельде август айының 25 күні де 73239 сомның бұйымы шығары айлық жоспар 81 процент орындал. Әсерсе шебер Жолобов жолдас бас аң қамыт-сайман жасайтын цехтың өктиві үздік табыстарға ие болды. цехта айлық жоспар 122 процент қалды.

Артель жұмысшылары айлық жоспар 150 процент орындауға серт берген тын. Қазір олар серт үстінде. Серт-броймен орындау мақсатында артель Бензэр, Герасимова, Бекенов тағы а сол сыяқты таңдаулы жұмысшыла күнделікті жұмыс мөлшерін үнемі 200 процент орындап жүр.

Ө. НҮРЖАНОВА

ПАНАСЫЗ БАЛАЛАРҒА ЖӘРДЕМ

амлют ауданындағы механика заводы жұмысшылар коллективі Шұңбегі лар үйінде тәрбиеленуші панасыз ба-рға жәрдемдесу мақсатында, ар-ы көмек қорын ұйымдастырып, бұ-а өздерінің екі апталық еңбек ақыла-тапсырды. Сол сыяқты осы аудан-і «Красный кирпич» артелінің жұмыс-ар коллективі бір апталық еңбек ақы-ан панасыз балаларға көмекке берді. удандық автомобиль отрядының шо-ері бұл қорға 3600 сом қаржы жый-тапсырды. Шофер Балаганов жолдас-ысыз балаларға арналған көмек қоры-250 сом, шоферлер Попов, Растихина, ельченко жолдастардың әр қайсысы-сомнан және Отан соғысының мүге-Омельяненко жолдас 150 сом қаржы-ырды.

анасыз балаларға көмек қорын ұйым-ыру ісінде колхоздардағы әйелдер-белсенділік көрсетуде. «Большевик»-озындағы әйелдер советінің (предсе-лі Мұрычева жолдас) мүшелері 414 «12 лет октября» колхозындағы әйел-советінің (председателі Дук жолдас)-елері 470 сом және Вильямс атында-колхоздағы әйелдер советінің мүшеле-64 сом қаржы жыйнап, оны панасыз-ларға көмектесу қорына тапсырды.

С. КӘНІМОВА.

тайдан Алатауға атап түсерлік ертегі тұл-парындай сайлардан, сахарлардан ғана-аттап өтпей, замандардың да талайынан-аспандап өте бермек. Өзінің қадір білмес-ғасырынан бізге жеткенде Абай солай-жетін отырған жоқ па? Өміріндегі қам-қайғысын халқының бағына бағыстаған-барлық дана ақынның өзіне өзі жазған-«Тағдыры» сол.

Осындай ақынның бір мүшел қайырған-жүз жылына тұтас келген біздің мереке-пені еске алады? Кеннен шыққан асыл-ды, алтынды, қоспасынан айырып қоры-тып алғандай, ақынды да заман ортасы-мен қоса алып, сол дәуірінен нығы ас-қан өмір арманын, еңбек хасиетін қоры-тып алады.

Абайдың бар өмірін баян ету бір сөзге-сыймайды. Ұзақ өмірінде Абайдың азамат-арманынан туған талап тартысынан ту-ған ақындық даналық қалып-хасиетінен-туған бірнеше өрен-өрен белдер бар. Бар-өмірін айту орнына біз сол өзгеше кезең-дерін бөліп атап көрмекпіз.

Бұл ерекше қалпында Абайдың ақын-дығы да, бас тірлігі де, өмірдегі жол-тартысы да тарихтың елеулі үлгісі же-місі де түгел танылады. Абайдың Абай-лық бітім кескінін, тарихтық тұлғасын-танытқан ерекшеліктері бар.

Осындай хасиеттері Абайдың жас жі-гіт шағынан өлер кезіне шейін әр алуан-болып айқындалып шығып отырады. Жекелеп сапасақ жас кезіндегі өмірлік, азаматтық ең бірінші ерекшелігі: «әке-нің ұлы болмай, халықтың ұлы» бола-мын деген тартысында, «әкесінің баласы-адамның дұшпаны, адам баласы—бауы-рың» деген ой Абайдың сөзі ғана емес, адамгершілік, гуманистік жолы да бола-тын. Арлан бөрінің соқпағына белтірік-бөрі ақылы көптігінен түспейді, бөрілік-табиғатынан деп білген Абай, жасында-әкеден қол үзгенде ел үшін, ел көшіне, тарих көшіне соны қоныс, тың өріс табу-үшін қол үзген, сол үшін кеткен. Ол кет-уі—үстем тап әкімдерімен де кетісуі-еді. Бұл бірінші үлкен ерекшелігі еді. Осының ісінде де өлең-еңбегінде де арман-етті.

Екінші ерекшелігі: жуан бел нағыз, содыр ұру басылардан бөліне кеткен-бетінде бірдеп халықты, халықтың мұ-қын тапты. Сол халықтың жоғын берер-жаңалықты іздеді. Жеке қазақ тарихы-мен топағынан іздеген жоқ, үлгілі көрші-елден—өнерлі орыс халқынан іздеді. Ұлы орыс халқының ғасырлық қазына-сына өз халқының қолын жолын жеткі-зуді мұрат етті. Орыс халқының өткен-тарихынан, өзі тұтас тірісінен өзіне де, жұртына да дос, көмек тапты. Сонымен-бірінші ерекшелігіне екінші хасиет қос-

Үшінші үлкен өнер, мол азық алған-зор саласы—орыс халқының мәдениеті-және сол арқылы Еуропа мәдениеті. Осы-соңғы өріске құлаш созған Абай өз за-маны үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуір-дің басы, әрі кең майдан келешек еді.

Абайдың ақындық бітіміндегі ең бір ірі-жағы осы айтқан үш қазынаның қайсы-сына барса да құр ғана үйренуші, елік-теуші боп барған жоқ. Қайдан аласың, негізі аласың—баршасын да өзінің үлкен-ойлы, терең толғаулы ірі ақындық ерек-шелігі арқылы, үнемі өз елегінен өткі-зіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің-қайран жүрегінен шыққан бұйым-табысы-етіп, өз тәні етіп ала білді.

Енді осы айтылған үш салаға жеке-жеке тоқтап, оның кейбір өзгешеліктерін-айталық.

Абайдың 80-ші-жыл мен 90-жылдар-арасындағы өлеңдерінің көпшілігі сол-кездегі ауылдың, ауылдағы қоғамның-өзгеше қалып-құрылысына арналған, өзі-нің тұсындағы қауымының тағдырын-тал-дауға арналған. Осымен қатар, өз хал-қының ой-қазынасының барлығын да-сынап, салалап шығады. Қоғам тірлігіне, халқының тарихына жаңалық тілеген-ақынның жаңа мұрат жолы, ақындық-программасы да көрінеді. Міне осы алуан-дас шығармаларының барлығында Абай-дың мол араласқаны қазақ халқының-өз қазынасы болады.

Бірақ, дәл сол кездің өзінде де ақын-халық шығармасында айтылмаған тың-сөзді айтады. Дүниені өзінің жаңаша та-нуына орай жаңаша сезім, жаңа ой айт-қанда Абайдың тіл сөздігі (лұғаты да), өлең көріктеу өрнегі де басқаша, өзінше-шығады. Қазақтың елдігімен, тарихымен, бұрынғы қазынасымен жалғаса отырып, соны өсіріп, өрістетіп. Абай айтқан-жаңалық әлде нешеу. Бірақ, бар тара-уындағы бір ерекшелік: соның бәрін жа-ңа дәуірге, бастайып деген ағартушы-ақын өзінен бұрынғы ақынның бөрінен-басқаша айтуында.

Сондайлық басқаша, тың жаңалықты-Абай шығыс әдебиетінің қорына қол арт-қан кезде де мол тауып отырады. Абай-өзінің жас шағынан жақсы білген клас-сик ақындары: Фердауси, Низами, Шейх-Сағди, Хожа Хафиз, Науаи, Фзули, На-бурзерді өмір бойы зор қадірлеп өткен. Ерте кезде оларға еліктеп жазған шығар-малары да болған. Кейінде Низами, Науаи-жырлаған Ескендер жайын, Аристотель-жайын батыс әңгімелерінен алып қосқан-жаңа сарындармен көркейтіп жыр дастан-етеді.

Абайдың айтуынан кең сахараға «Мың-бір түн», «Шахнама», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көрүғлы» сыяқты үлкен асыл мұралар-дың халықтық аңыздары да мол тараған.

лігін, жалпы ұзын ырғақ, сөз-сарынды-ала отырды. Бірақ, олардың тұсында да-ұлы ақын өзінің өзіндік өзгеше бітім бей-несін еліктеуге салынып, жеңілге сайып, өзгерткен жоқ. Дүниені, өмір мақсұтты, тартыс бағыты атағанда бар ойы, бар-ақындық шабыты өте терең шындықпен-қабысып отырды. Сол себепті зат әлемін, адам құбылысын, қарым-қатынасын жыр-лағанда аспан, тағдыр өмірі деп толға-май үнемі жер басқан адамның күнде-лік тарихтың шындық болмасы етіп-толғап, тебренді. Бұл Абайдың ұлы реал-истік, өзіндік. Абайдың тұлғасынан ту-ған ерекше қалып-қаблеті еді.

Сонымен шығыстың көркем өнері мен-мәдениеті де Абайдың тұманды бұлдыр-күйде емес, ақынның сынып елегінен-екшеліп, сұрыпталып өтіп, Абай поэзия-сына нәр қосады.

Ақын Абайдың орыс халқының ұлы-мәдениетіне бой ұрып, өнеге, нәр алуы-да әлдеқалай жалаң қабат жағдай емес, өмірлік, тұрақты негіз, наһымында шы-

Мемлекетке астық тапсыру жөніндегі майдандық онкүндік

Приморьенің алдыңғы қатарлы колхоз-дарының бастамасы бойынша, мұнда-мемлекетке астық тапсыру жөнінде май-дандық онкүндік басталды. Өлкенің ау-лантары мен колхоздары арасында жан-пай жарыс көңінен өріс алды. Майдан-дық онкүндіктің алғашқы күндері астық-тиелген ондаған қызыл көруендер, элев-аторларға жөнелтілді. Чернигов ауданы-ның колхоздары элеваторға мөлшер бо-йынша бір күнде 700 центнер астық-өткізу орнына 900 центнерден аса ас-тық өткізді. Онкүндік қарсаңында түнде-Қызыл тулы Қызыр Шығыс Дербес Ар-мия атындағы ауыл шаруашылық артелін-де колхоз жастары, мектеп балалары мен-карттар жұмысқа шықты. Олар түні-бойы астық тазартты да, таңертең астық

мөшеулігін жеңіп, қазақтың еңбек елімен-орыс халқының ой құралдарын бір ара-ға қосып, алдағы күндер үшін біріккен-күрес қайраткері болды.

Сондықтан да Абайдың ардақты жыр-лары ұлы отан соғысында елі-жұртын-қорғап жүрген қазақ жауынгерлері мен-командирлерінің сенімді серігіңдей болып, бар майданда ере жүрді. Олардың, бар-лық ұлы олақ ұлттарының ұлдарымен-жүрекке жүрек, білекке білек қосқан қа-бармандық қымылында Абай, ата дос-болып құнған отырды. Сондай болып, өз-халқының адал ұл, қыздары мен қатар-жорықтың ауыр жылдарында бірге кешіп-өткен Абай, біздің шын бахыт дәурен-болған социалистік дәуірімізде бұрынғы-дан да қадірмені, бұрынғыдан да ардақ-ты болып отыр.

Сондайлық өлмес, өшпес хасиеттерінің-өзі-ақ ұлы Абайға қазақтың классик әде-биетінің атасы деген, қазақ поэзиясының-күн шуақты асқар биігі деген атақты бер-гізе алады дейміз.

тиеді. Колхозшылар күндік мөлшерді-орындап, кешке де 500 центнер астық-тиелген қызыл көруен жөнелтті. Ворониллов атындағы колхозда да он-күндіктің алғашқы күні ойдағыдай өтті. Мұнда астық тасыйтын арнаулы бригада-ұйымдастырылды. Колхоз элеваторға тәу-лік бойы астық тасуда. Бұл артель мем-лекетке астық тапсыру жөніндегі жыл-дық жоспарды қазірдің өзінде 40 про-цент орындады. Иванов, Чкалов, Спаски-тағы басқа аудандардың колхоздары мем-лекетке астық тапсыру жұмысын өрісте-те түсті.

Өнеркәсіп орындары колхоздарға зор-көмек көрсетуде. Өнеркәсіп орындары ас-тық тасу үшін колхоздарға жүздеген ав-томашиналар жіберді. (ТАСС).

МИХАИЛ МАКЕЕВТІҢ ТАМАША РЕКОРДЫ

ОСОКАРОВКА. (Қарағанды облысы) Комбайнер Михайл Макеев жаңа табыс-тарға ие болды. 19 августа ол екі «Ста-линец» комбайнымен 110 гектар егін

жыйнады. Егін жыйнау маусымы бастағалы Ми-хайл Макеев барлығы 983 гектар егін-жыйнады.

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У

Быйылғы 5 сентябрьде, кешкі сағат-8де, Пионерлер үйінде еңбекшілер депу-таттары Петропавл қалалық советінің-XVII—сессиясы болады.

Күн тәртібі:

1. 1944 жылғы бюджеттің орындалуы-және 1945 жылғы бюджетті бекіту. (Ба-

яндамашы қалалық финанс бөлімінің мең-герушісі Тышченко жолдас, қосымша ба-яндамашы тұрақты бюджет комиссиясы-ның председатели Пайко жолдас).

Еңбекшілер депутаттарының Петропавл-қалалық советі атқару комитеті.

Осымен бірге:

Советтер Одағы мен Қытай арасында-жасалған шарт пен келісімдер шарттарын-талдан айта келіп, шолушы Қытай мен-Сереттер Одағы арасындағы қазіргі қар-ым-қатынастың, бейбітшілік ісі достық-кейінде құрылған жағдайда ғана халық-тар арасында бейбітшілік сақталуын қам-тамсыз ететіндігін ыснаттайды деп ағап-көрсетеді.

Қазвин халқына совет дәр-герлерінің көмегі туралы Иран газетінің пірірі

ТЕГЕРАН, 24 август. (ТАСС). «Фер-ман» газеті Қазвин халқына советтің әс-кері дәргерлері көрсеткен көмек туралы-хабар жариялады. Әскери дәргерлік орын-дар өткен 8 ай ішінде 8241 ауыруды-қамтыды, деп жазады газет. Осы уақыт-тың ішінде әскери поликлиникалар тра-хомасы ауырған 2759 ауыруға опера-ция жасап, жәрдем көрсетті. Дәргерлер, делінген хабарда, Шахристан халқына-да зор көмек көрсетуде.

Тегерандағы орталық клубқа андармерия шабуыл жасады

ТЕГЕРАН, 27 август. (ТАСС). Кеше-түнгі сағат 1де бір топ жандаридар Иран-кәсіпшілер одақтарының орталық клубы-ның есігін сындырып, үйге басып кірді. Олар елдің басқа қалаларынан келіп, клубта түнеп жатқан 18 жұмысшыны-тұтқынға алды. Таңертең тұтқындар бо-сатылды.

Болгарияның халық жыйылы-сына сайлауды кейінге қалдыру

СОФИЯ, 24 август. (ТАСС). Болгар үк-меті халық жыйылысына (парламент)-сайлауды кейінге қалдыру туралы қарар-қабылдады. Бұдан бұрын ол 26 августқа-тағайындалған болатын.

Квислингке сотты кейінге қалдыру

ЛОНДОН, 27 август. (ТАСС). Рейтер-агенттігінің хабары бойынша, Квислингке-сот 29 августа қалдырылған. Өйткені, дәргерлік қараудың мәліметіне сәйкес, айыпкер «януқастаның» жатқан көріне-ді.

Жауапты редактордың орынбасары-**Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**